

«№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аға тәлімгерінің 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарының қорытынды есебі

2023-2024 оқу жылының басында Аға тәлімгердің жылдық жоспары білім стандартына сай құрылып, педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді

Қыркүйек.

Қыркүйек "Білім күні" әдемі мерекесімен басталды. Мектеп оқушыларының қатарына бірінші сынып оқушысын қабылдадық.

"ЖҚЕ білгірлері" викторинасы, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге жадынамалар таратылды. 1-4 сыныптар арасында «Сақ бол, балақай» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мектепте Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы "Болашақ" өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс істейді. 5-қыркүйек күні мектептің жалпы оқушылар жиыны өткізілді. Мектеп оқушылары бірауыздан "Жас ұлан" және «Жас қыран» ұйымының басшыларын сайлады. «Отбасы» күніне орай 6 «Б» сынып жетекшісі Сұлтанбек Нұрила «Оқушы, отбасы, қоғам тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға отбасы тәрбиесі туралы түсініктер беріліп, отбасылық құндылықтарға тоқталды. Отбасындағы ата-аналардың еңбегін сыйлап, құрмет көрсете білуге баулыды. Мектепте 1-11 сыныптар арасында «Тіл» «мерекесі аталып өтті. «Мемлекеттік тіл-мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты апталығы өтті. Онда оқушылар тәрбие сағаттарын, мәнерлеп оқу, тіл туралы видеороликтер көріп тамашалп, өз ұлтымыздың тілін қадірлей білу керектігін жете ұғынды. 7 «Б» сынып жетекшісі Жұмағұлова Нұрия «Ана тілім-күдіретім» тақырыбында шығарма сайысын өткізді. Шығарманы үздік жазған оқушылар Садықбай С, Убайдулла Ж, Уразали. А мадақтама қағазымен марапатталды.

Қазан

"Қарттар күніне" орай мектебіміздің ардагер ұстаздарына «Қарттары бардың қазынасы мол» атты меркелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, ардагер ұстаздарымызды қарттар күнімен құттықтады. Мұғалімдер күніне 11 сынып оқушылары шығармашылық нөмірлер дайындап, әлеуметтік желілерде жарияланды. "№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 25 қазан Республика күніне орай меркелік салтанатты жиын өтті. Жиынға ата-аналар комитетінің төрағасы С.Ділдабеков, "Қамқоршылық" кеңесінің төрайымы Н.Зауырбекова, ата-аналар комитетінің мүшесі Ш.Қарабаева, ардагер ұстаз Ү.Абдуллаев қатысты. Салтанатты жиында жетістікке жеткен үздік оқушылар мен олардың ата-аналары алғыс хаттармен марапатталды. «Қаласы тарих, даласы дастан» атты тақырыпта оқушылар қаламыздың көрікті де, тарихи жерлеріне саяхат жасады. Саяхаттың мақсаты: 5-7 сынып оқушыларының туған жерге деген құрметін, сүйіспеншілігін арттыру.

Қараша

Күзгі демалыс кезінде бос уақытын тиімді өткізу, әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" негізінде жасалған іс—шара жоспарына сәйкес, 6- сыныптар арасында "Күз байлығы" жәрмеңкесі ұйымдастырылды. 1-4 сыныптар арасында «Күз кереметтері» атты көрме өтті. Көрмеге барлық сынып оқушылары әр түрлі жұмыстарын қойып, күздің кереметін көрсетуге ат салысты. 1-4 сыныптар " Күз" тақырыбында суреттер салып кішігірім сурет галереиясын ұсынса, орта буын 5-8 сынып " Күз- молшылық мезгілі" атауына сай көкөніс пен жемістерден әр түрлі бұйымдар жасады. 9-10 сыныптар көрме тақырыбына сай қабырға газеттерін әзірледі. Мектеп ұжымы мен оқушылар көрмені қызыға тамашалап, ерекше әсер алуда. Қызықты каникул кезінде тақырыбына түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ 5-9 сыныптар арасында «Табиғат –тал бесігің, аялай біл» тақырыбында сурет байқауы өтті. Жеңімпаз оқушылар мадақтама қағазымен марапатталды. Сондай-ақ 1-9 сыныптар арасында «Оян, ар мен адалдық» тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылды. Әдеби кештің мақсаты :Оқушыларға ар мен адалдық сезімдерін ұғындыру; Міндеттері: Оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, жат әдеттерден аулақ жүруге үйрету. Оқушылардың адамгершілік қасиетін нығайту. Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл қасиеттерді ықпал ету.

Желтоқсан

14 желтоқсан күні ЕРЮДО "Жас Ұлан" және "Жас Қыран"балалар үйінде балаларды қабылдаудың салтанатты жиыны өтті.

Сондай-ақ, 16 желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне « Тәуелсіздік- бастауы бар бақытың» атты салтанатты жиын 5-11 сыныптар арасында өткізілді. өткізілді. Жиынға мектебіміздің желтоқсан оқиғасының ардагер ұстаздары шақырылып ,құттықтау сөздері айтылды. 1-11 сыныптар арасында «Төрлет, төрлет, Жаңа жыл!» мектепшілік жаңа жыл мерекелік кеші ұйымдастырылды. Оқушылар мерекелік кеште өз өнерлерін көрсетті.

Қаңтар.

«Қыста талай, қызықтар бар» атты кіші буын арасында ашық ойындардан басталды. Қыс-денені қатайтуға және жағымды уақытты өткізуге тамаша уақыт. Сондай-ақ, балалар қысқы ойындарына қатысты. 1-9 сыныптар арасында мектептің 1-9 сыныптар арасында мектептің медбикелерімен «Салауатты өмір салты» атты дәрігерлік кеңестер өткізілді. Онда оқушыларға тазалық және зиянды тағамдар мен суындардың адам ағзасына зияны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырды.

Ақпан.

Патриоттық рухани тәрбие бағытында Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті. Кешке мектебіміздің ауған соғысының ардагері Жаңабаев Нұрлан ағай шақырылды. Кештің мақсаты: ауған соғысының тарихи мағынасын аша отырып ,соғыс ардагерлері туралы түсініктер берілді. Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне арналған "Сарбаз соғысты таңдамайды" атты іс-шаралар өтті, балалар өздерінің шығармашылық таланттарын көрсетті, гитарамен ән шырқады, өлеңдер айтты.

Наурыз.

Алғыс айту күніне арналған іс-шаралар өтті. Сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізді. Әйелдер күні мен Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар өткізілді.

«Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты әдеби кеш өтті. 11 сынып оқушылары мерекелік

концерттік бағдарлама ұйымдастырып, сахналық көріністер көрсетті. 22 наурыз: «Қош келдің әз Наурыз!» мектепшілік іс-шара ұйымдастырылды. Мерекеге байланысты қазақ халқының әдеп-ғұрыптарынан сахналық көріністер мен ұлттық тағамдар көрмесін өткізді. 5 сыныптар арасында «Қыз сыны» байқауы өткізілді. Жеңімпаз оқушыға аудандық қыз сыны сайысына жолдама берілді. Сәуір.

" 32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашысы «Оқуға құштар бол» акциясына байланысты А.Манаева 9 сынып оқушыларымен «Кітап –алтын қазынам» атты кітап көрмесі өткізілді. Мақсаты: оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, кітапханаға оқырмандар тарту, ой-өрісін дамыту, қазақтың көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау.

Мамыр .

Мамыр мерекелерге өте бай. Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған іс-шара өтті, барлық сыныптар өз ұлтының костюмдері, тағамдары мен шығармашылық нөмірлерін ұсынды, іс-шара соңында бүкіл мектепке арналған жәрмеңке өтті. Отан қорғаушылар күні біздің мектепте дәстүр бойынша түрлі іс-шаралар өтті. 1-11 сынып оқушылары қатысты. Атап айтсақ сурет көрмесі, спорттық сайыстар, сынып сағаттары өткізілді. «№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 2024 жылдың 6- мамыр күні 8 "Д" сынып жетекшісі Ж.Қоңырбаеваның ұйымдастыруымен "7 мамыр - Отан қорғаушылар" күніне орай тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйуге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріштеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Жыл бойы бастауыш сынып оқушылары үшін көңілді өзгерістер өтті, балаларға би билеу және ойнау өте ұнады, сондықтан олар сабақтан демалды. Мамыр соңғы қоңыраумен аяқталды. Түлектер мен мектеп әкімшілігі салтанатты жиын дайындады. Атқарылған жұмысты қорытындылай келе, өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мәселесі біздің қызметіміздегі ең маңызды мәселелердің бірі екенін атап өткім келеді. Балаларды тәуелсіздікке үйрету-бұл ұзақ және ауыр жұмыс, сондықтан біз балалар ұйымында балалардың өз өмірін ұйымдастыруға деген ықыласы бар атмосфераны құруға тырысамыз.